



«БЕКІТЕМІН»
Қазақстан Республикасы
Ұлттық кітапханасының
директоры
Қазақстанның Кітапханалық
Одақ Төрағасы
Б.Қ. Оспанова
Б.Қ. Оспанова 2020 ж.

**«2021 жылдың үздік жас кітапханашысы»
респубикалық байқауы туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

- 1.1. «2021 жылдың үздік жас кітапханашысы» Респубикалық байқауы (бұдан әрі-Байқау) кітапхана кәсібінің беделін арттыруға және дамуын ынталандыруға бағытталған кәсіби шеберліктің қорытынды байқауы болып табылады және Қазақстанның көрнекті кітапхана қайраткері Нәзира Қожахметқызы Дәулетованың 95 жылдығына орай өткізіледі.
- 1.2. Осы Ереже Байқауды ұйымдастыру және өткізу тәртібін, қатысу шарттарын анықтайды.
- 1.3. Байқау Президент Қ.Ж. Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын, Президенттің 2020 жылғы 22 қазандағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің Төртінші отырысында кітапханалардың жастарды тарихи, мәдени агарту және тәрбиелеу ісіндегі рөлін күшетту, кітапханаларды қоғамның көпденгейлі, көпфункционалды әлеуметтік-мәдени институтына айналдыру туралы баяндамасын орындау мақсатында өткізіледі.
- 1.4. Байқаудың құрылтайшылары мен ұйымдастырушылары – «Қазақстанның Кітапханалық Одақ» заңды тұлғалар бірлестігі және КР Ұлттық кітапханасы.
- 1.5. Байқауды ұйымдастыруши Байқауды өткізу жөніндегі шығыстарды жабуға жәрдем көрсететін демеушілерді (серіктестерді) тартуға құқылы.

2. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері

2.1. Байқаудың мақсаттары:

- кітапхана саласының кәсіби құндылықтарын сақтауға жәрдемдесу;
- жас кітапханашылардың шығармашылық бастамаларын дамыту және ынталандыру;
- жастар арасында мамандықтың беделін арттыру және оң имиджін қалыптастыру.

2.2. Байқаудың міндеттері:

- кәсіби шеберлік деңгейін арттыру үшін жағдай жасау;

- кітапханаларда жұмыс істейтін жас мамандарды қолдау;
- саланың кәсіби құндылықтарын және кітапханалық қызмет көрсету сапасының жоғары стандарттарын кеңінен тарату;
- жұмыстың креативті және жаңа шылдың түрлерін айқындау мен енгізу;
- әлеуметтік маңызы бар, соның ішінде оқуды насиҳаттауға бағытталған жобаларды ілгерілету;
- кітапхана ісінің кәсіби белсенділерін озық тәжірибемен алмасу және мамандықты дамыту үшін біріктіру;
- кітапхана ісінің кәсіби мамандарын озық тәжірибемен алмасу және мамандықты дамыту үшін біріктіру.

3. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар

3.1. Байқауға облыстық және қалалық 2021 жылдың үздік жас кітапханашысы байқаулардың жеңімпаздары қатыса алады.

- қатысушының жасы 30 жастан аспауы керек.

3.2. Байқауға қатысушының кітапханадағы еңбек өтілі 2 жылдан кем болмауы тиіс.

3.3. Байқауға қатысушының ағымдағы жылы және байқау өткізудің алдындағы жылы келесі қызмет салаларында кәсіби жетістіктері болуы тиіс:

- кітапханалардың қашықтық форматтағы көпвекторлы қызметі;
- кітапханаға жаңа оқырмандарды тарту;
- ақпараттың қолжетімділігін арттыру;
- кітапхана қорларын қалыптастыру және сақталымын қамтамасыз ету;
- ақпараттық ресурстар мен жаңа технологиялар құру;
- мәдени-ағарту қызметі;
- ақпараттық қызмет көрсету және т. б.

3.4. Байқауға қатысушы:

- жоғары кәсіби деңгейімен ерекшеленеді;
- ең жақсы моральдық қасиеттерге ие, Кітапханашының этика кодексі қағидаларын ұстануға үмтүлады.

4. Байқауға қатысушыларды ұсыну тәртібі

4.1. Байқауға облыстардан және республикалық маңызы бар қалалардан кандидаттарды ұсыну құқығына облыстық ғылыми-эмбебап, ұлттық кітапханалар және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының орталықтандырылған кітапханалар жүйелері ие.

4.2. Облыстардың немесе республикалық маңызы бар қала кітапханаларынан байқауға бір ұміткер ұсынуға болады.

4.3. Ұйымдастыру комитеті байқауға қатысушылар туралы мәліметтерді қабылдайды. Өтінім байқаудың Ұйымдастыру комитетіне электрондық пошта арқылы жіберіледі.

4.4. Өтінім міндетті түрде келесі материалдарды қамтиды:

- а) Ұйым атынан қатысушыға басшының қолы қойылған және мөрмен расталған (негізdemемен) ұсыныс жолдау;
- б) қатысушының қысқаша кәсіби өміrbаяны;
- в) Қатысушының «Жаңа заман кітапханалары» немесе «Кітапхана кәсібінің қайта жаңғыруы» тақырыбындағы әссесі;
- г) қатысушымен ұзақтығы 1-3 минуттық бейнетаныстырылым;
- д) қатысушының кәсіби және жеке қасиеттерін, кітапханашы мамандығының әлеуметтік маңыздылығын, ол жүзеге асыратын шығармашылық, инновациялық немесе эксперименттік жобаларды, түрлі байқауларға қатысқанын және өзі жұмыс жасайтын кітапхана мекемесінің рөлін ашатын портфолио;
- е) Номинанттың 2-3 фотосуреті (кітапханадағы портрет пен фотосуретті қоса). Портфолио электронды презентация, бейнеролик, шығармашылық нөмір және т. б. түрінде болуы тиіс (презентация регламенті 4 минут).

4.5. Өтінімдер 2021 жылдың 5 қыркүйегіне дейін қабылданады.

5. Байқауды өткізу үшін тәртібі және өткізу

- 5.1. Қорытынды байқау тікелей сайыс түрінде Қазылар алқасының және көрермендер аудиториясының, байқауға қатысушылардың өздерінің қатысушымен өткізіледі.
- 5.2. Байқау бірнеше турдан, ресми және шығармашылық бөлімнен тұрады.
- 5.3. Қорытынды байқауға (Финалға) қатысушылардың өнер көрсету тәртібі алдын ала жеребе таставу арқылы анықталады.
- 5.4. Жұмыстарды бағалау үшін құзыретті Қазылар алқасы құрылады, оны байқауды ұйымдастырушылар бекітеді. Қазылар алқасының құрамы «Қазақстандық Кітапханалық Одақ» ЗТБ мүшелерінен және Қазақстан кітапханаларының жетекші мамандарынан сайланады.
- 5.5. Қазылар алқасы ұсынылған құжаттар мен материалдарды, сондай-ақ сайыс бөлімін бағалайды.

5.6. Байқауда қатысушы:

- алдын ала дайындалған және жіберілген материалды көрсетеді (корғайды);
- байқау ұйымдастырушылары әзірлеген тапсырмаларды, мамандықпен байланысты белгілі бір шеберлік пен дағдыларды менгеру дәрежесін орындайды.

5.7. Байқауға қатысушылардың шығармашылық жобалары мен сөз сөйлеулері келесі критерийлер (талаптар) бойынша бағаланады: Кәсіби құзыреттілік, заманауи технологияларды менгеру, жеке шығармашылық стиль, стандартты емес идеялар мен шешімдерді енгізу, әдістемелік әзірлемелердің болуы, тәжірибелік бағыттылық, коммуникативтік қабілеттер, номинанттың кәсіби терминологияны менгеруі және басқалар.

5.8. Байқаудың Қазылар алқасы Қазақстанның жалпыға қолжетімді кітапханаларының «2021 жылдың үздік жас кітапханашысын» және номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтайды.

5.9. Байқаудың өтетін орны – Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы, 2021 жылдың 15 қазанында, кәсіби мереке – Алматы қаласының кітапханалар күні форматында өтіледі деп жоспарлануда.

6. Байқау қорытындысын шығару

6.1. Байқау қорытындыларын Ұйымдастыру комитеті шығарады, ол хаттамамен рәсімделеді.

6.2. Байқау жеңімпаздары «Қазақстандық Кітапханалық одак» ЗТБ атынан дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

№1 БЛАНК
ҮМІТКЕРДІ ҰСЫНУ

Мекеменің, ұйымның толық атауы	
Байқаудың үміткері ретінде қатысушыны ұсынады (Тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, туған жылы, кітапханадағы жұмыс өтілі) (негізdemесі)	
Басшының аты-жөні, құні, қолы	

ҚАТЫСУШЫНЫҢ ҚЫСҚАША КӘСІБИ ӨМІРБАЯНЫ

Тегі, аты, әкесінің аты	
3x4 сурет	
Туған күні	
Ұсынушы ұйым (толық атауы)	
Жұмыс орны	
Мекен-жай, байланыс телефон, сайт, э-пошта	
Қызметі	
Кітапханадағы жалпы жұмыс өтілі	
Шет тілін білу	
Білімі: орта кітапханалық / педагогикалық / т.б.; жоғары кітапханалық / педагогикалық / т.б.)	
Атақтары, наградалары, аса манызды құрмет грамоталары	
Әлеуметтік медиа маманы ретінде белсенді қызмет ету	
Қызығушылығы	
Қосымша мәліметтер	

2021 жылдың 5 қыркүйегіне дейін сауалнама бланкілерін толтыру және Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының Ғылыми-әдістемелік қызметіне жіберу талап етіледі.

Сауалнама және қосымша ақпарат алу үшін ҚР Ұлттық кітапханасының Ғылыми-әдістемелік қызметіне хабарласуға болады:
 Алматы қаласы, Абай даңғылы, 14
 e-mail: metod_nlrk@mail.ru
 тел.: 8(727) 2672873, 8(727) 2724881.